«KMF Банк» АҚ Директорлар кеңесінің №08 отырысының
хаттамасы, 26.08.2026 жыл.

«KMF Банк» акционерлік қоғамының
ТӨЛЕМ КАРТАСЫН БЕРУ ТУРАЛЫ
ШАРТ
(Жеке тұлғаларға арналған)

Алматы қ., 2026 ж.

Мазмұны

«KMF Банк» АҚ Төлем картасын беру туралы шартта қолданылатын терминдер мен анықтамалар (жеке тұлғаларға арналған)....3
1. ШАРТТЫҢ МӘНІ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР....7
2. КАРТАНЫ ШЫҒАРУ, ҚАЙТА ШЫҒАРУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ....8
3. PIN-КОД ОРНАТУ/ӨЗГЕРТУ 10
4. КАРТАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ 10
5. КАРТАНЫ АЛУ, БҰҒАТТАУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ МЕН ТАЛАПТАРЫ....12
6. PUSH-ХАБАРЛАМА/ SMS-ХАБАРЛАНДЫРУ 13
7. КАРТАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША АЛАЯҚТЫҚ....14
8. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ЖӘНЕ КЛИЕНТТІҢ ӨТІНІШТЕРІН ҚАРАУ ТӘРТІБІ 15
9. ТЕХНИКАЛЫҚ ОВЕРДРАФТ 16
10. ШАРТ БОЙЫНША ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ....16
11. КАРТАНЫҢ ЖАРАМДЫЛЫҚ МЕРЗІМІ....16
12. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ....17
13. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ....23
14. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ, ШАРТТЫ ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ БҰЗУ ТӘРТІБІ....26
15. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР 26
16. БАНК ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ....27

«KMF Банк» АҚ Төлем картасын беру туралы шартта қолданылатын терминдер мен анықтамалар (жеке тұлғаларға арналған)

№	Термин/Анықтама	Терминді/анықтаманы түсіндіру
1.	**Авторизация**	эмитенттің төлемді Карта пайдалана отырып жүзеге асыруға рұқсат беруі
2.	**Картаның күшін жою**	Картаны жарамсыз деп тану және оны айналымнан алу
3.	**Антифрод-орталық (Алаяқтық белгілері бар төлем транзакциялары бойынша деректер алмасу орталығы (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің антифрод-орталығы))**	«Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 26 шілдедегі № 11-VI заңының 25-1-бабында көзделген тәртіппен алаяқтық белгілері бар төлем транзакцияларын және өзге де төлем транзакцияларын анықтауға және болғызбауға бағытталған шараларды үйлестіруді және қабылдауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің заңды тұлғасы
4.	**Картаны блоктау**	Картаны пайдалана отырып, карталық операцияларды жүзеге асыруға толық немесе ішінара тыйым салу
5.	**Цифрлық карта**	Банктің Клиентке осы Шартта көзделген тәсілмен оның деректемелері туралы ақпаратты ұсынуы арқылы электрондық нысанда физикалық жеткізгішсіз шығарылған төлем картасы
6.	**Карта шығару**	Карта ұстаушыға Карта беруді көздейтін төлем қызметі
7.	**Үзінді көшірме**	Банк Карта ұстаушыға беретін, Шоттағы ақша қалдығы және белгілі бір кезең ішінде жүзеге асырылған операциялар туралы ақпаратты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының (бұдан әрі - ҚР) заңнамасында көзделген өзге де ақпаратты қамтитын құжат. Үзінді көшірме Картаны пайдалана отырып шот бойынша операцияларды жүзеге асырудың жеткілікті дәлелі болып табылады
8.	**Банктің интернет-ресурсы**	Интернет желісінде жұмыс істейтін, Банктің бірегей желілік мекенжайы және (немесе) домендік аты бар аппараттық-бағдарламалық кешенде орналастырылған ақпарат (мәтіндік, графикалық, аудиовизуалды немесе өзге де нысандағы): https://kmf.kz/
9.	**Картаны пайдалану**	Клиенттің картаның көмегімен немесе оның деректемелерін пайдалана отырып, төлемдер, ақша аударымдарын жасауға байланысты операцияларды және (немесе) Банк айқындаған және оның талаптарымен басқа да операцияларды жүзеге асыруы
10.	**Карталық операция**	төлемдер және (немесе) ақша аударымдары, қолма-қол ақша алу, ақшаны Шотқа аудару және эмитент айқындаған және оның талаптарымен Картаны пайдалана отырып жасалатын басқа да операциялар
11.	**Байланыс арналары**	Банк белгілеген тәртіппен және талаптармен қолданылатын Клиенттің электрондық поштасы (email), пошта байланысы, Банктің интернет-ресурсы, мобильді қосымша, SMS хабарламалар, Push-хабарламалар, телефондар, электрондық

		терминалдар арқылы Клиент пен Банк арасында ақпарат беру құралдары
12.	**Клиент**	Банк қызметтерін пайдаланатын немесе пайдалануға ниет білдірген, он сегіз жасқа толған, төлем картасын алуға мүдделі, сондай-ақ тиісті өтінішке қол қою арқылы Банкпен Төлем картасын беру туралы шартты және Банктік қызмет көрсету шартын жасаған жеке тұлға
13.	**Банктің байланыс орталығы**	Банк Клиенттерінің телефон қоңырауларына, электрондық өтініштеріне қызмет көрсететін Банк бөлімшесі. Клиенттерге тәулік бойы қызмет көрсететін Байланыс орталығы, телефондары: +7 (727) 331-74-74 +7 (705) 727-33-17 7474 – жедел желі
14.	**Интернет-төлемдерді жүзеге асыруға арналған лимит**	белгілі бір цикл ішінде Интернет-төлемдерді жүзеге асыруға рұқсат етілетін ең жоғары сома
15.	**Банктің мобильді қосымшасы**	ұялы телефон немесе мобильді қосымшаны және Интернетке қолжетімділікті қолдайтын басқа құрылғы арқылы Клиенттің Жеке кабинетте электрондық банктік қызметтерді алуына арналған Банктің бағдарламалық жасақтамасы
16.	**Операциялық күн**	Банк нұсқауларды, нұсқаулардың орындалуын тоқтата тұру немесе мұндай нұсқаулардың күшін жою туралы өкімдерді қабылдайтын және өңдейтін Банк белгілеген уақыт кезеңі. Операциялық күн туралы ақпарат Банктің кеңсе жайларында/бөлімшелерінде, сондай-ақ Банктің ресми интернет-ресурсында ақпаратты жариялау арқылы орналастырылады
17.	**Картаны қайта шығару**	карталық базадағы Шотқа бұрынғы/жоғалған Картаның орнына жаңа Карта шығару
18.	**Төлем картасы (бұдан әрі – Карта)**	ұстаушысына электрондық терминалдар немесе басқа байланыс арналары арқылы төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға не қолма-қол ақша алуға не валюталарды айырбастауды және төлем картасының эмитенті айқындаған және оның шарттарымен басқа да операцияларды жүргізуге мүмкіндік беретін ақпарат қамтылған электрондық төлем құралы
19.	**Күдікті операция**	клиенттің операция жасау үшін пайдаланылатын ақша және (немесе) өзге мүлік қылмыстық әрекеттен түскен кіріс болып табылады деп не операцияның өзі қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға немесе жаппай қырып-жою қаруын таратуды не өзге қылмыстық әрекетті қаржыландыруға бағытталған деп күдік туындататын операциясы (осындай операцияны жасауға ұмтылысты, жасалу процесіндегі операцияны немесе жасалған операцияны қоса алғанда)
20.	**Банктік шотты тікелей дебеттеу**	Банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның ақша жөнелтушіден ақшаны алып қоюы және ақша жөнелтушінің осындай алып қою туралы алдын

		ала рұқсатының негізінде оларды бенефициардың пайдасына беруі
21.	**Картаның деректемелері**	Картаның оның ұстаушысына және (немесе) эмитентіне және төлем карталарының жүйесіне тиесілі болуын белгілеуге мүмкіндік беретін Картадағы және (немесе) эмитенттің ақпараттық жүйесінде сақталатын нөмірін, қолданылу мерзімін, төлем карталары жүйесінің атауын қамтитын ақпарат
22.	**Тараптар**	Шартта Клиент пен Банк бірлесіп "Тараптар" деп, ал әрқайсысы жеке "Тарап" деп аталады.
23.	**Стоп-парақ**	Эмитенттердің жазбаша өтініштері негізінде төлем жүйесі қалыптастыратын пайдалануға тыйым салынған және оларды қызмет көрсетуге ұсынған кезде алып қоюға жататын карталар деректемелерінің тізімі
24.	**Тәуекелі жоғары елдер**	Картаға қатысты алаяқтық қаупі жоғары елдер, осы елдерге барғаннан кейін осы елдердің аумағында картаны пайдалана отырып төлемдер мен ақша аударымдары жүргізілген жағдайда картаны қайта шығару қажет. Тәуекелі жоғары елдердің тізбесі Банктің Интернет-ресурсында орналастырылған
25.	**Операциялардың тәуліктік лимиті**	Банктің ішкі нормативтік құжатына сәйкес белгіленген Шот бойынша Картаны пайдалана отырып жүргізілетін операциялардың ең жоғары сомасы және/немесе саны бойынша лимит
26.	**Шот**	Банкте Клиент үшін ашылған ағымдағы шот, онда Картаны пайдалану арқылы жүргізілген операциялар ескеріледі
27.	**Банк тарифтері**	Банктің уәкілетті органы бекіткен, Банк көрсететін банктік қызметтер үшін алынатын, осы Банктік қызмет көрсету шартында көзделген тәртіппен өзгертілуі мүмкін және Банктің ресми интернет-ресурсында (https://kmf.kz/) орналастырылатын Банк комиссияларының қолданыстағы мөлшерлері
28.	**Қашықтан қызмет көрсету арнасы**	клиенттерге қызмет көрсету жүзеге асырылатын банк қызметтеріне қашықтан қол жеткізу арнасы (телефон, интернет, төлем терминалы, мобильді қосымша, SMS-хабарлама)
29.	**Өзіне-өзі қызмет көрсету құрылғылары**	электрондық-механикалық құрылғылар, банкоматтар, оның ішінде қолма-қол ақша қабылдау функциясы бар банкоматтар (cash in), Банк терминалдары
30.	**Эквайер**	банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым, олар кәсіпкермен жасалған шарттың талаптарына және/немесе Картаны пайдалана отырып төлемді жүзеге асыру кезінде кәсіпкерде жасалған төлем құжатының талаптарына сәйкес кәсіпкердің пайдасына түскен ақшаны қабылдауға және/немесе кәсіпкермен жасалған шартта көзделген өзге де әрекеттерді орындауға тиіс. Сондай-ақ Карта бойынша қолма-қол ақша беруді жүзеге асыратын банк эквайер болып табылады
31.	**Эмитент**	Карталарды шығаратын банк
32.	**CAP (Chip Authentication Program)**	Картаны тиісті жүйенің бағдарламалық-техникалық құралдары мен ұйымдастырушылық шешімдерінің жиынтығының бөлігі болып табылатын оның электрондық чипі бойынша аутентификациялау бағдарламасы. CAP бағдарламасын

		пайдалану кезінде Шот бойынша операциялар PIN-кодты қолдану арқылы жасалған құпиясөз негізінде жүзеге асырылады. САР бағдарламасын пайдалана отырып жасалған шот бойынша операциялар клиент PIN-кодты пайдалана отырып жасаған шот бойынша операциялар деп танылады. САР бағдарламасын қолдану шарттары Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен айқындалуы мүмкін
33.	**CVV2/ CVC2-код** (Card Verification Value / Card Verification Code ағылшын тіліндегі сөз тіркесінің аббревиатурасы)	Картаның артқы жағында көрсетілген және Интернет желісінде карталық операцияларды жүзеге асыру кезінде Клиентті сәйкестендіруге арналған үш таңбалы сәйкестендіру коды (CVV2-код – Visa карталары бойынша, CVC2-код – MasterCard карталары бойынша)
34.	**OTP-құпиясөз**	Клиенттің сұрауы бойынша Банктің бағдарламалық-техникалық құралдарымен жасалатын және Клиентке Электрондық банктік қызметтерге қол жеткізуді ұсыну кезінде бір рет пайдалануға арналған электрондық цифрлық таңбалардың бірегей реттілігі. OTP-құпиясөз Клиентті сәйкестендіру үшін қашықтан қызмет көрсету арналарына кірген кезде, сондай-ақ Банкке берілетін сұраулар мен құжаттардың аутентификациясы мақсатында пайдаланылады және қолмен қойылған қолға барабар.
35.	**PIN-код**	карталық операцияларды (цифрлық картаны қоспағанда) жүргізу кезінде Карта ұстаушыны сәйкестендіру үшін қолданылатын Клиентке ғана белгілі Дербес сәйкестендіру нөмірі (құпия код)
36.	**Push-хабарлама (Push)**	карталық операция жүргізу туралы әріптік-цифрлық мәтіні бар немесе ақпараттық-жарнамалық сипаттағы Банктің мобильді қосымшасындағы хабарлама
37.	**SMS-хабарлама**	Банктің SMS-қызмет провайдері арқылы Клиентке оның ұялы байланыс құрылғысының тіркелген абоненттік нөміріне жіберетін белгіленген форматтағы қысқа мәтіндік хабарлама
38.	**Web-сайт**	Сауда және сервис кәсіпорындарының тауарлары/жұмыстары/қызметтері, оларды төлеу тәсілі мен тәртібі туралы ақпаратты қамтитын Интернеттегі сауда және сервис кәсіпорнының электрондық беттерінің жиынтығы
39.	**3D Secure /Secure Code**	Клиент Интернет желісінде Карталық операцияларды жүргізу кезінде Клиентті сәйкестендіру үшін қызмет ететін және Карталар үшін қауіпсіздіктің жоғары деңгейі ретінде пайдаланылатын құпиясөз. 3D Secure технологиясы Карта ұстаушысына ғана белгілі қосымша құпиясөз арқылы Интернет төлемдерін жүргізу кезінде Карта иесін сәйкестендіруге мүмкіндік береді
40.	**ХТЖ**	Төлем карталарымен жасалатын операцияларды өзі белгілеген ережелерге сай өңдейтін және олар бойынша есеп айырысатын халықаралық төлем жүйесі

Осы «KMF Банк» АҚ Төлем картасын беру туралы шартта (жеке тұлғаларға арналған) қолданылатын өзге де терминдер мен анықтамалар Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген мағынада қолданылады.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР

1.1. Осы «KMF Банк» АҚ Төлем картасын беру туралы шартта (жеке тұлғаларға арналған) (бұдан әрі – Шарт) «KMF Банк» АҚ-да (бұдан әрі - Банк) төлем карталарын шығару және қызмет көрсету тәртібі айқындалады.

1.2. Осы Шарт Қосылу шарты болып табылады және Клиенттің жеке тұлға ретінде берген «KMF Банк» АҚ-да ағымдағы шот ашу және төлем картасын шығару туралы өтінішін (бұдан әрі - Өтініш) Банк белгілеген тәртіппен қабылдаған күннен бастап жасалды деп есептеледі. Өтініш Шарттың және «KMF Банк» АҚ банктік қызмет көрсету шартының (жеке тұлғаларға арналған) (бұдан әрі - БҚКШ) ажырамас бөлігі болып табылады. Аталған құжаттар Банктің интернет-ресурсында орналастырылған. Клиент Банктің мобильді қосымшасында Өтінішке қол қою арқылы Шартқа және БҚКШ-ға қосылады. Банктің Клиенттен өтінішті қабылдауы Клиенттің Шартқа қосылуын білдіреді.

1.3. Клиент осы арқылы өзінің де, өкілінің де, сондай-ақ онымен бір тұлғалар тобына кіретін тұлғалардың және контрагенттердің де қандай да бір шектеулерге немесе санкциялық сипаттағы шараларға жатпайтынын, сондай-ақ әрекеті жоғарыда аталған тұлғаларға, сонымен қатар Банкке таралатын кез келген елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес қандай да бір санкциялық тізімдерде тұрмайтынын растайды.

1.4. Клиент Шарттың талаптарымен, Банктің Интернет-ресурсында орналастырылған Карталық операцияларды жүргізуге арналған шектеулермен/лимиттермен, Банктің деректемелерімен танысты.

1.5. Клиент:

1) Шарт пен БҚКШ талаптарын оқып, түсінгенін, толық көлемде, қандай да бір ескертулер мен қарсылықтарсыз қабылдағанын, Шарт пен БҚКШ талаптарын уақтылы және толық көлемде орындауға міндеттенетінін, оларды орындамаудың және/немесе тиісінше орындамаудың ықтимал қолайсыз салдарын түсінетінін және қабылдайтынын;
2) Шартта Клиент қисынды түсінілетін мүдделеріне сүйене отырып, қабылдамауы мүмкін, ол үшін қандай да бір ауыртпалықты талаптар жоқ екенін;
3) егер Банкте Клиент қол қойған өтініш немесе Клиент Банкпен жасаған, Шартқа қосылу талаптарын қамтитын өзге құжат болса, Шартты оқылмағанның/түсінбегеннің/қабылдамағанның дәлелі ретінде Шартта оның қолының болмауына сілтеме жасауға құқылы емес екенін;
4) Шарт пен БҚКШ жасау және Шартта көрсетілген банктік қызметтерді алу үшін қажетті барлық рәсімдердің сақталғанын;
5) Шарт пен БҚКШ жасау және талаптарды орындау, оның ішінде Шот ашу, Картаны шығару және қызмет көрсету ҚР заңнамасының және/немесе Клиентке қолданылатын заңнаманың кез келген нормасын бұзбайтынын және бұзуға алып келмейтінін;
6) Карталарды шығару/қайта шығару/бұғаттау/қызмет көрсету, Шоттарды ашу/жүргізу/жабу Мобильді қосымша арқылы жүзеге асырылатынын және Клиенттің қолымен расталған жазбаша өтінішке тең деп есептелетінін;
7) Шарт шеңберінде Банк шығарған карталар, сондай-ақ Карта мен Шоттың деректемелері алынғанын, тексерілгенін, ескертулер мен толықтырулар жоқ екенін;
8) Төлем картасын пайдалану қағидаларымен және Банктің тарифтерін танысқанын, оларды өзгерту тәртібімен және Тарифтердің мөлшерімен келісетінін растайды.

1.6. Өтініштің негізінде Банк ҚР заңнамасының және Банктің ішкі нормативтік құжатының талаптарын ескере отырып, Клиентке осы Шарттың және БҚКШ тәртібімен және талаптарында Шот ашуға, Карта шығаруға, Шот пен Картаға қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге, оның шеңберінде ҚР заңнамасында көзделген картаны шығаруға және қызмет көрсетуге байланысты төлем қызметтерінің кез келген түрлерін көрсетуге міндеттенеді, ал Клиент ҚР

заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, тиісті операцияны жүргізу күнінде қолданылып жүрген Банк Тарифтеріне сәйкес Банктің қызметтеріне ақы төлеуге міндеттенеді.

1.7. Банк Картаны шығарады, оған қызмет көрсетеді және ҚР заңнамасында, Банк және төлем жүйелеріне қатысушылар арасында жасалған шарттарда, БҚКШ және осы Шартта көзделген тәртіппен Шот ашады.

1.8. Шарт:

1) Шартқа сәйкес шығарылған/қайта шығарылған Картаның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін;
2) Банк ҚР заңнамасында көзделген негіздер бойынша және тәртіппен шотты жапқанға дейін;
3) осы Шартта көзделген жағдайлар орын алғанға дейін қолданыста болады.

1.9. Картаны оның ұстаушысы болып табылмайтын адамның пайдалануы заңсыз болып табылады. Клиентке үшінші тұлғалардың төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруына қолжетімділік алуына алып келген, үшінші тұлғаларға Шотқа не төлем құралына не сәйкестендіру құралына қолжетімділікті ұсынуға, сондай-ақ төлем құралын не сәйкестендіру құралын беруге тыйым салынады (жұбайына (зайыбына) және жақын туыстарына, сондай-ақ заңнамада белгіленген жағдайларда өзге де тұлғаларға осындай қолжетімділікті беруді қоспағанда).

1.10. Клиентке материалдық сыйақы немесе мүліктік сипаттағы пайда үшін үшінші тұлғаның мүддесінде немесе үшінші тұлғаның пайдасына төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға тыйым салынады.

1.11. Жұбайының (зайыбының) және жақын туыстарының, сондай-ақ ҚР заңнамасында белгіленген жағдайларда өзге де тұлғалардың банктік шотын, төлем құралын не сәйкестендіру құралын пайдалануды қоспағанда, үшінші тұлғалардың банктік шотын, төлем құралын не сәйкестендіру құралын пайдалана отырып, төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға тыйым салынады.

1.12. Карта ұстаушы Картаны пайдалана отырып үшінші тұлғаның пайдасына ақша аударуды жүзеге асырғанға дейін:

1) үшінші тұлғалардың алаяқтық әрекеттерімен байланысты ықтимал тәуекелдер туралы;
2) үшінші тұлғалардың, оның ішінде ҚР мемлекеттік органдары мен екінші деңгейдегі банктерінің қызметкерлерінің ықпалымен (өтініші бойынша) ақша аударымын жүзеге асыруға жол бермеу туралы;
3) бенефициардың бастамасы (шешімі бойынша) не сот шешімі бойынша операцияның күшін жою және ақшаны қайтару мүмкіндігі туралы хабардар болады.

2. КАРТАНЫ ШЫҒАРУ, ҚАЙТА ШЫҒАРУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ

2.1. Картаны шығару/қайта шығару Банктің оны шығару/қайта шығару туралы оң шешімі болғанда және Клиент тиісті өтінішті және ҚР заңнамасында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген қажетті құжаттарды ұсынғанда Банк айқындайтын мерзімдерде жүзеге асырылады. Картаның беруге дайындығы туралы Банк Клиентке Мобильді қосымшадағы Push-хабарламамен немесе басқа да қолжетімді Байланыс арналарымен хабарлайды. Қоңырау шалу, SMS-хабарлама жіберу Астана қаласы уақытымен сағат 9-00-ден 18-00-ге дейін кез келген күндері (демалыс және мереке күндерін қоса алғанда) жүзеге асырылуы мүмкін.

2.2. Цифрлық карта Банктің Мобильді қосымшасында физикалық жеткізгішсіз электрондық түрде Банк белгілеген тәртіппен шығарылады. Банк Клиентке оның деректемелері туралы ақпарат береді. Цифрлық картаның деректемелері Мобильді қосымшада экранда көрсетіледі.

2.3. Белсенді мәртебесі бар Цифрлық картаны шығару, Клиент Банктің Мобильді қосымшасын пайдаланушы болып табылатын кезде Картаны нақты бергенге дейін немесе бермей, Шоттың

және/немесе Картаның деректемелерін ғана пайдалана отырып, Карталық операцияны жүргізуге мүмкіндік береді.

2.4. Цифрлық карта жеке Шот ашу арқылы негізгі карта ретінде шығарылады.

2.5. Цифрлық карта арқылы операциялар Банктің Мобильді қосымшасында, Интернет-ресурстарда жүзеге асырылады.

2.6. Клиент өз қалауы бойынша Банктің Мобильді қосымшасы арқылы тиісті өтініш беру арқылы Цифрлық картаға пластикалық Картаны шығаруды рәсімдеуге құқылы.

2.7. Банк осы Шартта және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген тәртіппен және талаптарда қол қойылған өтініш негізінде пластикалық Картаны Банк бөлімшесінде тікелей Клиенттің өзіне береді.

2.8. Картаның артқы жағында кодталған ақпараты бар магниттік жолақ орналасқан. Картаға ақпарат тасығыштағы жазбаны зақымдайтын және соның салдарынан Картаны пайдалана отырып, карталық операцияларды жүргізуге мүмкіндік бермейтін кез келген қолайсыз факторлардың әсер етуіне жол берілмейді. Мұндай қолайсыз факторлардың мысалы электромагниттік өрістер (магниттелген немесе магниті бар заттарға жақын болу), механикалық зақымданулар (сызаттар, ластану, қызып кету, күн сәулесінің тікелей түсуі) және басқалар болуы мүмкін.

2.9. Банк банкоматтарда және басқа да электрондық-механикалық құрылғыларда пайдалану нәтижесінде Картаға келтірілген зиян үшін жауап бермейді.

2.10. Клиент Картаны үшінші тұлғалардың рұқсатсыз алу/пайдалану мүмкіндігін болдырмайтын жерде және тәсілмен тиісті түрде сақтауды қамтамасыз етуге міндетті.

2.11. Клиент Картаны пайдалануға, оның ішінде үшінші тұлғалардың Картаны және/немесе үзінді көшірмедегі ақпаратты және/немесе Карта ұстаушыға арналған өзге де ақпаратты/хат-хабарламаларды рұқсатсыз алуына/пайдалануына байланысты барлық тәуекелді өзіне алады.

2.12. Клиент Банктің Мобильді қосымшасында Банк шығарған басқа алушының Картасына ақша аударуды (1) алушының ұялы байланысының абоненттік нөмірін енгізу арқылы немесе (2) ұялы телефон кітапшасының контактілер тізімінен алушының ұялы байланысының абоненттік нөмірін таңдау арқылы, сондай-ақ Банктің қолданыстағы тарифтеріне сәйкес Карта/Шот бойынша өзге де қолжетімді аударым операцияларын жүзеге асыра алады. Бұл ретте Клиент осы Шартты жасау арқылы Банкке Банктің Мобильді қосымшасында өзінің ұялы байланыстың абоненттік құрылғысының телефон кітапшасының контактілер тізіміне қол жеткізуге өзінің келісімін білдіреді.

2.13. Карталық операцияларды жүргізу кезінде Клиент Шарт пен БҚКШ талаптарын ескере отырып, шоттағы ақшаға өз қалауы бойынша өкімдік етеді. Клиент Банктің Мобильді қосымшасы арқылы Шот бойынша үзінді көшірмелерді алу арқылы Шот бойынша ақша қалдығы мен қозғалысын дербес бақылайды.

2.14. Клиентке Карталық операция жасалған күннен бастап күнтізбелік 120 (бір жүз жиырма) күн ішінде Картаны пайдалануға байланысты барлық құжатты (чектер, слиптер, қызметтерді төлеу үшін шоттар және т.б.) сақтау және қажет болған жағдайда оларды Банктің бірінші талабы бойынша ұсыну ұсынылады.

2.15. Клиент Шот бойынша үзінді көшірмені Мобильді қосымша жүйесі арқылы және/немесе Банкке жеке өзі жүгінген кезде ала алады.

2.16. Банк Клиенттің талабы бойынша Клиент көрсеткен уақыт кезеңі үшін оның Картасын пайдалана отырып жүзеге асырылған төлемдер және (немесе) ақша аударымдары туралы ақпаратты қамтитын Шот бойынша үзінді көшірмені ұсынады. Үзінді көшірме Банктің тарифтеріне сәйкес қолданыстағы заңнаманың және Банктің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес нысан бойынша қағаз нұсқада немесе электрондық тәсілмен ұсынылады және онда көрсетілген операциялардың орын алғанының жеткілікті дәлелі болып табылады. Клиенттің банктік шоты бойынша үзінді көшірмені Банк осы Шартқа сәйкес айына кемінде бір рет ақы алмай ұсынады.

2.17. Банк Клиенттің ұялы телефонының абоненттік нөміріне SMS-хабарламалар//Банктің мобильді қосымшасына Push-хабарламалар жіберу арқылы Клиентті Картаны пайдалану арқылы жүргізілген операциялар, Картаны пайдалану арқылы жүргізілген операциялар туралы хабарлама үшін комиссиялардың мөлшері мен тәртібі туралы хабардар етеді.
2.18. Клиент кез келген қолжетімді байланыс арнасы арқылы Картаны пайдалануға қатысты барлық сұрақтар бойынша Банкке жүгінеді.
2.19. Клиент Картаның қолданылу мерзімі өткен/жоғалған/ұрланған/бүлінген/компроментация болған/тегі және/немесе аты өзгерген жағдайларда, Картаны карталар бойынша алаяқтық деңгейі жоғары елдерде пайдаланған жағдайда және Банктің немесе Клиенттің бастамасы бойынша өзге де жағдайларда Банктің Мобильді қосымшасы арқылы Банкке жіберілген өтініштің негізінде Картаны қайта шығара алады. Карта оны қайта шығару күніндегі Банктің қолданыстағы тарифтеріне және осы Шарттың талаптарына сәйкес қайта шығарылады.
2.20. Картаны карталар бойынша алаяқтық деңгейі жоғары елдерде пайдаланғаннан кейін Клиент Картаны мұндай елдерде пайдалану тоқтатылған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде Картаны қайта шығару үшін банкке жүгінуге міндетті. Көрсетілген талап сақталмаған жағдайда және осыған байланысты Картаны рұқсатсыз пайдалану жағдайы туындаған кезде Клиент Банктің барлық шығыстарын, сондай-ақ Банкке келтірілген залалды сөзсіз тәртіппен өтеуге тиіс. Бұл ретте көрсетілген талапты сақтамау салдарынан Клиентке келтірілген залалды Банк өтемейді. Карталар бойынша алаяқтық деңгейі жоғары елдердің тізімі Банктің Интернет-ресурсында біржақты тәртіппен хабарлау үшін орналастырылады және жаңартылады.

3. PIN-КОД ОРНАТУ/ӨЗГЕРТУ

3.1. Клиент PIN-кодты Банктің Мобильді қосымшасында өзі орнатады/өзгертеді және белсендіреді. Операция аяқталғаннан кейін Клиент PIN-кодты орнату/өзгерту және белсендіру операциясының сәтті өткені туралы Push-хабарлама алады.
3.2. PIN-код Банк қызметкерлеріне белгісіз, сондықтан Клиент оны үшінші тұлғаларға жария етпеуі және/немесе бермеуі керек. Клиент Картаны пайдаланатын бүкіл кезеңде PIN-кодтың құпиялылығын қамтамасыз етеді.
3.3. Егер Клиент PIN-кодты бір жерге жазып қойса, онда карта мен жазбаны бөлек сақтауы керек.
3.4. Қолданыстағы PIN-кодты өз қалауы бойынша жаңасына өзгерткен кезде, қайталанатын (мысалы, 7777) немесе бірізді жүретін (мысалы,1234) сандардан тұратын, сондай-ақ Клиенттің туған күніндегі сандардан тұратын комбинацияларды пайдалануға болмайды.
3.5. PIN-кодты теру кезінде электрондық құрылғылардың дисплейіндегі цифрлар шартты белгілер түрінде көрсетіледі. PIN-кодты теру кезінде қате жібермеу маңызды. Егер PIN-код қатарынан үш рет (кез келген уақыт аралығымен, бір немесе әртүрлі ұялы байланыс абоненттік құрылғыларын пайдаланған кезде) қате терілсе, Банк картаны бұғаттайды. Бұл жағдайда Клиент PIN-код есептегішін Банктің байланыс орталығы арқылы немесе Банктің мобильді қосымшасында өздігінен өшіре алады.
3.6. PIN-код есептегішін орнату/ауыстыру және қалпына келтіру үшін Банк Банктің тарифтеріне сәйкес комиссия алуға құқылы.
3.7. Электрондық құрылғыларды қолдана отырып жасалған және PIN-код жиынтығымен расталған барлық операцияларды Тараптар Клиент жасаған деп санайды.
3.8. Халықаралық төлем жүйесінің (бұдан әрі – ХТЖ) талаптарына сәйкес эквайер Банк белгілеген сома шегінде цифрлық картаны пайдалана отырып операцияны PIN-кодты енгізбей жүзеге асыруға болады.

4. КАРТАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ

4.1. Клиент Шартқа және БҚКШ-ға қосыла отырып, Банктің Банктің мобильді қосымшасы арқылы клиент жіберген құжаттарды/нұсқауларды алуы ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес рәсімделген қағаз нұсқадағы құжаттарды алуға заңды түрде баламалы екенін мойындайды.

Бұл ретте Клиент орындау үшін Банктің мобильді қосымшасы арқылы жіберілген осындай құжаттардың/нұсқаулардың мазмұнына толық жауапты болады.

4.2. Банк тиісті ХТЖ белгілеген мерзімге жүргізілген карталық операция бойынша растайтын құжаттарды алғанға дейін, оны Шоттан алғанға дейін немесе Банк қуатталған сомаға төлем жүзеге асырылмағаны туралы растаманы алғанға дейін Шоттағы Карталық операция бойынша қуатталған соманы бұғаттауға құқылы. Бұл ретте Шотта бұғатталған сомаларды Банк, оның ішінде Банк картаны бұғаттау туралы өтініш алғаннан кейін де алып қоя алады.

4.3. Банк Клиентке ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен және негіздер бойынша Шот бойынша карталық операцияны авторизациялаудан бас тартуға құқылы.

4.4. Банк электрондық казино мен интернет-казино пайдасына, сот актісі негізінде қызметі Қазақстан Республикасының аумағында заңсыз деп танылған шетелдік ойын бизнесін ұйымдастырушылардың пайдасына төлемдер және (немесе) ақша аударымдарын жүргізуден, сондай-ақ ойын бизнесін ұйымдастырушының пайдасына жиырма бір жасқа толмаған жеке тұлғалардың төлемдерін және (немесе) ақша аударымдарын жүргізуден бас тартады.

4.5. Банк Қағидалардың 22-тармағының 1) тармақшасында[1] көзделген ол бойынша ақпарат Антифрод-орталықтың оқиғалары туралы базада бар ақпаратпен сәйкес келген бенефициардың пайдасына төлемдерді есепке жатқызу жағдайларын қоспағанда, ақша жөнелтуші немесе төлемнің бенефициары және (немесе) ақша аударымы туралы ақпарат төлем немесе ақша аударымын жүзеге асыру сәтіндегі Антифрод-орталықтың оқиғалары туралы базадағы ақпаратпен сәйкес келген кезде төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асырудан бас тартады.

4.6. Банк ақша жөнелтуші немесе бенефициар туралы ақпарат Төлемдер туралы заңның 25-1 бабы 3-1 тармағының 1) тармақшасына [2] сәйкес талпыныстар туралы базада бар ақпаратпен сәйкес келген кезде нұсқаудың орындалуын тоқтата тұрады және(немесе) ақша сомасын бұғаттайды және Клиентке Шартта/БҚКШ-да белгіленген тәртіппен бас тартудың себептері мен негіздемелерін және бастамашыны көрсете отырып, төлемді жүзеге асыруды және (немесе) ақша аударуды тоқтата тұру туралы ақпаратты ұсынады.

4.7. Осымен Банк пен Клиент Клиент жүргізген Карталық операциялар бойынша шоттарды төлеу арнайы банктік шоттардағы жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдерді қоспағанда, Банктің Клиенттің шотынан қажетті соманы Шарт пен БҚКШ негізінде даусыз алып қою арқылы және Карта ұстаушының қандай да бір қосымша келісімінсіз жүргізілетініне келіседі.

4.8. Клиент өз Картасының сақталуын, сондай-ақ оның деректемелерінің құпиялылығын (Клиенттің аты-жөні, Карта нөмірі, Картаның қолданылу мерзімі, CVV2/CVC2-код және т.б.), сондай-ақ Банктің Мобильді қосымшасының логині мен құпиясөзін қамтамасыз етуге толықтай жауапты болады.

4.9. Клиент Карталық операциялар бойынша есеп айырысу кезінде:

4.9.1. егер Банкке операция жасалғанға дейін Картаны бұғаттау немесе күшін жою туралы өтініш жіберілмеген болса, PIN-кодты дұрыс теру арқылы растауға;

4.9.2. егер Банкке операция жасалғанға дейін Картаны бұғаттау немесе күшін жою туралы өтініш жіберілмеген болса, Карталық операцияларды Интернет желісінде жасау кезінде Картаның деректемелерін және/немесе дұрыс CVV/CVC2-кодты/3D Secure құпиясөзін/құпиясөзі немесе бір реттік коды бар SMS-хабарламаны көрсету арқылы растауға міндеттенеді.

---

[1] Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 25 тамыздағы № 54 қаулысымен бекітілген Алаяқтық белгілері бар төлем транзакциялары бойынша деректер алмасу орталығының (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің антифрод-орталығы) қызметін ұйымдастыру қағидалары

[2] «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 26 шілдедегі № 11-VI заңы

4.10. Шот/Карта бойынша карталық операцияларды жүргізу тәртібі қолданыстағы заңнамаға, ХТЖ қағидаларына және/немесе Банктің ішкі нормативтік құжаттарына өзгерістер енгізілген кезде өзгеруі мүмкін.

4.11. Егер карталық операция бір валютада жүзеге асырылса, ал Шот басқа валютада жүргізілсе, Шоттан ақша алу карталық операция валютасын Шот валютасына айырбастағаннан кейін жүзеге асырылады. Карталық операция валютасын Шот валютасына айырбастау төлем жүйесіне қатысушылар арасында жасалған шарттарға сәйкес жүргізіледі. Карталық операцияны Шот валютасынан өзгеше валютада жүзеге асыру кезінде Банк операция жасалған күні белгіленген шетел валютасының айырбастау бағамын қолдана отырып, Шот бойынша есепке алуды жүзеге асырады.

4.12. ҚР шегінен тыс жасалған Карталық операциялар бойынша ХТЖ қағидалары қолданылады. Карталық операция валютасы Банктің ХТЖ-мен есеп айырысу валютасымен сәйкес келмеген жағдайда, ХТЖ, егер ХТЖ қағидаларында өзгеше көзделмесе, мұндай операция бойынша есеп айырысу күніне ХТЖ-да қолданылатын бағам бойынша және тәртіппен Карталық операция сомасын Банктің есеп айырысу валютасына айырбастауды жүзеге асырады.

4.13. Карта бойынша операциялар Банк белгілеген Операциялық күн шеңберінде және операцияларды жүргізудің регламенттелген мерзімдеріне сәйкес орындалады.

5. КАРТАНЫ АЛУ, БҰҒАТТАУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ МЕН ТАЛАПТАРЫ

5.1. Картаны бұғаттау ҚР заңнамасында, сондай-ақ осы Шартта және БҚКШ-да белгіленген негіздер бойынша жүргізіледі.

5.2. Банк ҚР заңнамасында белгіленген жағдайларда, сондай-ақ мына жағдайларда көрсетілген әрекеттер мен олардың салдарын болғызбау, Клиенттің, Банктің немесе оның өзге де клиенттерінің ықтимал шығындарын қысқарту мақсатында ҚР заңнамасында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген мерзімге Картаны бұғаттауға және/немесе Банктің Мобильді қосымшасында Клиенттің кіруіне шектеу қоюға құқылы:

1) рұқсат етілмеген төлемдерді жүргізуге, Клиентке залал тигізуге әкеп соғуы мүмкін мән-жайлардың болуы;
2) Клиент берешек туындаған кезден бастап берешек сомасы толық өтелгенге дейін Банк алдындағы өзінің кез келген міндеттемесі бойынша техникалық овердрафттарды және өзінің кез келген өзге де берешегін өтемегенде, Клиент Банк алдындағы кез келген міндеттемені орындамағанда не тиісінше орындамағанда;
3) Клиент карталық операцияны жүзеге асыру кезінде PIN-кодты қатарынан 3 (үш) реттен артық қате тергенде;
4) мемлекеттік органдардың және/немесе лауазымды тұлғалардың Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру, Шоттағы ақшаға тыйым салу туралы шешімдері/қаулылары негізінде;
5) Клиенттің банктік шотындағы ақша (барлығы немесе жекелеген) алаяқтық немесе өзге де заңсыз әрекеттердің нәтижесі болып табылады деген күдіктің болуы және Клиентке, Банкке не оның өзге де клиенттеріне қатысты құқыққа қарсы іс-әрекеттер іске асырылуы мүмкін өзге де жағдайларда.

5.3. Осымен Клиент, сондай-ақ Банктің жазба құрылғысы арқылы жүргізген телефон арқылы берілген өтінішті жазып алуы, оны Банк сәйкестендірген жағдайда, Клиенттен бұғаттау туралы ауызша хабарлама келіп түскен мазмұнның жеткілікті дәлелі болып табылатынына келіседі.

5.4. ДК жоғалған, ұрланған, бүлінген, банкоматта ұсталған, Картаны не оның деректемелерін алаяқтық мақсатта пайдаланылды деген күдік туындаған, PIN–кодты құпиясыздандырған және т.б. жағдайда Клиент картаны Банктің Мобильді қосымшасында дербес/Банктің Байланыс орталығына хабарласу арқылы бұғаттауға міндетті.

5.5. Клиенттен картаны бұғаттау туралы хабарлама Банктің мобильді қосымшасы арқылы, Банктің Байланыс орталығы өтініш тіркеген немесе Банк бөлімшесіне жүгінген кезде бұғатталған кезден бастап күшіне енеді.

5.6. Клиенттің бастамасы бойынша Банктің Мобильді қосымшасында бұрын бұғатталған Картаны Клиент Картаны одан әрі пайдалану Клиент үшін қауіпсіз болған жағдайларда өзі бұғаттан шығарады. Бұл ретте жоғалтуға/ұрлануға/компрометацияға/алаяқтыққа байланысты бұрын бұғатталған картаны бұғаттан шығаруға жол берілмейді.

5.7. Банк мына жағдайларда Картаны алып қояды:

1) Картаның қолданылу мерзімі өткен кезде;

2) Клиент Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындамаған кезде;

3) Клиент Картаны пайдаланудан бас тартқан кезде;

4) Клиентпен Шарт бұзылған кезде;

5) ХТЖ талабы бойынша;

6) Картаны ұсынушы оның ұстаушысы болып табылмаған кезде.

5.8. Картаны алып қою кезінде картаны алып қою фактісін растайтын тиісті акт/өзге құжат жасалады.

5.9. Банк картаны алып қойған ХТЖ қатысушысы немесе Банк (алып қойған картаны Банкке жеткізген жағдайда) осындай қайтару туралы шешім қабылдағаннан кейін алып қойған картаны тікелей Клиентке қайтаруды Клиенттің жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кездегі жазбаша өтініші негізінде жүзеге асырады.

6. PUSH-ХАБАРЛАМА/ SMS-ХАБАРЛАНДЫРУ

6.1. Банк Карталар мен Шоттарға қызмет көрсетуге, операциялар жасауға, осы Шарттың талаптарын орындауға байланысты мәселелер бойынша, сондай-ақ Push-хабарлама/SMS-хабарлама/Банктің Байланыс орталығын қоса алғанда, Банкте іске асырылған және қызмет көрсетудің тиісті тәсілі үшін қолжетімді кез келген Байланыс арнасы арқылы Клиентпен өзара іс-қимылдың өзге де мәселелері бойынша Клиентті хабардар етуді жүзеге асырады.

6.2. Банк Картаны пайдалана отырып, банктік шот бойынша операциялар туралы хабардар ету (SMS-хабарлама/Push-хабарлама) жөніндегі қызметтерді ұсыну шеңберінде ұялы байланыс құрылғысының абоненттік нөміріне/Банктің Мобильді қосымшасына Клиентке жүргізілген карталық операциялар бойынша хабарламалар/хабарландырулар жіберіледі.

6.3. Картаны пайдалана отырып, банктік шот бойынша операциялар туралы хабардар ету жөніндегі қызметті қосу/өшіру Банктің Мобильді қосымшасы арқылы жүргізіледі. Ұялы байланыстың абоненттік нөмірі өзгерген жағдайда Клиент бұл туралы дереу Банкке хабарлауы қажет.

6.4. Клиент ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы жоғалған/ұрланған жағдайда Картаны пайдалана отырып, банктік шот бойынша операциялар туралы хабардар ету жөніндегі қызметті бұғаттау үшін дереу Банкке жүгінуі қажет.

6.5. Банк Картаны пайдалана отырып, банктік шот бойынша операциялар туралы хабардар ету жөніндегі қызметті бұғаттау сәтіне дейін Клиенттің ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы жоғалған/ұрланған жағдайларда банк құпиясын құрайтын мәліметтерді үшінші тұлғаларға, алаяқтыққа және басқа да іс-әрекеттерге ықтимал жария еткені үшін жауап бермейді.

6.6. Клиент Картаны пайдалана отырып, банктік шот бойынша операциялар туралы хабардар ету жөніндегі қызметті алудан бас тартуға, сондай-ақ өзінің деректемелерін дәл көрсетпеуге/өз деректемелерінің өзгеруі туралы Банкті уақтылы хабардар етпеуге/ұялы байланыс құрылғысының абоненттік нөмірін өзгертуге/ұялы байланыстың абоненттік құрылғысын ажыратуға байланысты жауапкершілікті және барлық ықтимал тәуекелдерді өзіне алады.

6.7. Банк Клиенттің SMS-хабарламаны/push-хабарламаны алмауы/уақытылы алмау нәтижесінде туындаған Клиенттің шығындарын қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, байланыс құралдарын (оның ішінде Мобильді қосымшаны) пайдалана отырып, SMS-хабарлама/Push-хабарлама жіберуіне байланысты, сондай-ақ хабарлама жіберу үшін пайдаланылатын байланыс құралдарының, қызметтерді, жабдықтарды жеткізушілердің жұмысындағы іркілістерден туындаған үшінші тұлғалардың жіберілетін ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізуі нәтижесінде Клиент көтеретін кез келген шығын үшін жауап бермейді.

6.8. Банк Банк белгілеген тарифтерге сәйкес Клиенттің шотынан даусыз ақша алу жолымен клиенттің Картаны пайдалана отырып, банктік шот бойынша операциялар туралы хабардар ету жөніндегі қызметті пайдаланғаны үшін ақы алады.

7. КАРТАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША АЛАЯҚТЫҚ

7.1. Карталық операциялар бойынша алаяқтықтың алдын алу мақсатында Банк:

1) Қағидалардың 22-тармағының 1) тармақшасында көзделген төлемдердің ақпараты Антифрод-орталықтың оқиғалар туралы дерекқорында бар ақпаратпен сәйкес келетін бенефициар пайдасына есепке жазылу жағдайларын қоспағанда, төлемнің және (немесе) ақша аударымының жөнелтушісі немесе бенефициары туралы ақпарат төлем немесе ақша аударымы жүзеге асырылған сәттегі Антифрод-орталықтың оқиғалар туралы дерекқорында бар ақпаратпен сәйкес келген кезде төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асырудан бас тартады;
2) Төлемдер туралы заңның 25-1-бабы 3-1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес ақша жөнелтуші немесе бенефициар туралы ақпарат Антифрод-орталықтың әрекеттенулер туралы дерекқорында бар ақпаратпен сәйкес келген кезде нұсқаудың орындалуын тоқтата тұрады және (немесе) ақша сомасын бұғаттайды және Шартта белгіленген тәртіппен Клиентке бас тартудың себептері мен негіздемелерін және тұлғаны ҚР заңнамасында белгіленген мерзімге Антифрод-орталықтың әрекеттенулер туралы дерекқорына енгізу бастамашысын көрсете отырып, төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыруды тоқтата тұру туралы ақпарат береді;
3) Клиент Антифрод-орталықтың оқиғалар немесе әрекеттенулер туралы дерекқорына енгізілген кезде Банк ішкі қағидаларға сәйкес қаржылық және (немесе) төлем қызметтерін көрсетуден бас тарту туралы немесе қаржылық және (немесе) төлем қызметтерінің шектеулі тізбесін ұсыну туралы шешім қабылдайды.

7.2. Банк алаяқтық, дропперлік, кірістерді заңдастыру және өзге де заңсыз әрекеттер белгілері бар төлем транзакцияларын анықтау үшін автоматтандырылған мониторинг жүйелерін, антифрод-жүйенің скорингтік модельдерін, мінез-құлықты талдауды және басқа да технологиялық құралдарды пайдалануға құқылы.

7.3. Банк Клиенттен күдікті және/немесе алаяқтық белгілері бар Карталық операциялар бойынша растауды және/немесе ақпаратты/құжаттарды сұратуға құқылы.

7.4. Карталық операциялар бойынша даулы жағдай туындаған жағдайда, Клиент мұндай жағдайды шешу үшін қажетті барлық ақпаратты/құжаттарды ұсынуға міндеттенеді. Клиент сұратылған ақпаратты талдау жүргізу мерзімі ішінде ұсынбаған жағдайда, Банк Клиенттен түсініктеме алған сәтке дейін банктік шотты бұғаттайды.

7.5. Егер Карта ұстаушы ұсынған ақпарат/құжаттар толық болмаса және/немесе кеш ұсынылса, онда Банк ҚР заңнамасында, оның ішінде Төлемдер туралы заңда көзделген шараларды қабылдауға құқылы.

7.6. Алаяқтық қаупі жоғары елдерде Картаны пайдалану тоқтатылған сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде Карта ұстаушы Картаны қайта шығару үшін Банкке жүгінуі қажет. Көрсетілген ұсыным сақталмаған жағдайда және осыған байланысты осы карта бойынша алаяқтық транзакциялар туындаған кезде Клиент Банктің барлық шығыстарын, сондай-ақ Банкке

келтірілген залалды сөзсіз тәртіппен өтеуге тиіс. Бұл ретте көрсетілген талапты сақтамау салдарынан Клиентке келтірілген залалды Банк өтемейді.

7.7. Рұқсатсыз пайдаланудан болатын тәуекелдерді азайту және алаяқтық операциялардың алдын алу мақсатында әдепкі бойынша Картаны пайдалана отырып жүзеге асырылатын бірқатар шектеулер мен лимиттер белгіленген.

7.8. Клиент бастапқыда Банк әдепкі бойынша белгілеген лимитті ұлғайтқан, сондай-ақ Клиент карталық операцияларды жүзеге асыруға шектеулерді алып тастаған жағдайда Картаны рұқсатсыз пайдаланудың салдары үшін дербес жауапты болады.

7.9. Банк кез келген қызмет көрсету арналары бойынша (оның ішінде қашықтан қызмет көрсету арналары арқылы) ұсынатын қызметтер шеңберінде кез келген кіріс және шығыс карталық операцияларды (оның ішінде барлық кіріс және шығыс аударымдарды) жүргізу кезінде Банк картаны пайдалана отырып, Банктің Интернет-ресурсында орналастырылған карталық операциялардың жекелеген түрлерін жүргізуге шектеулерді/лимиттерді біржақты тәртіппен белгілеуге/өзгертуге құқылы (операциялар түрлері бойынша, сондай-ақ Қызмет көрсету аймақтары бойынша).

7.10. Банк, егер ҚР заңнамасына қайшы келсе, Шот бойынша ақшаны есепке енгізу/алу операцияларын жүргізбеуге құқылы. Банк күдікті операциялар анықталған жағдайда алаяқтық белгілері бар төлем операцияларын, рұқсат етілмеген төлемдерді (жалған төлем құралдарын пайдалана отырып төлемдер немесе ақша аударымдары) болғызбау мақсатында Банктің дерекқорында көрсетілген ұялы байланыс құрылғысының абоненттік нөмірлері бойынша Клиентке тәуліктің кез келген уақытында қоңырау шалуға құқылы.

8. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ЖӘНЕ КЛИЕНТТІҢ ӨТІНІШТЕРІН ҚАРАУ ТӘРТІБІ

8.1. Жүргізілген карталық операция бойынша қарсылықтар болған кезде Клиент Банкке жазбаша өтінішпен жүгінуге құқылы, ол рұқсат етілмеген төлем немесе басқа шағым бойынша өтініш қабылданған жағдайда қолда бар құжаттарды (слиптер, чектер және т.б.) қоса бере отырып, Клиенттің атынан ХТЖ алдында сөз сөйлейді. Жүргізілген Карталық операция бойынша Клиенттің шағымдарын, оның ішінде Клиенттің Банкке жолдаған кез келген өзге өтініштерін Банк ҚР заңнамасында және ХТЖ ережелерінде белгіленген мерзімдерде қарайды.

8.2. Рұқсат етілмеген төлем немесе Клиенттің басқа да шағымы бойынша өтініш негізді болған жағдайда, Банк шағымды қарау аяқталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде төлем картасының шотындағы Карталық операция сомасын қалпына келтіреді.

8.3. Банк авторландыруды жүзеге асырған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң рұқсат етілмеген төлем бойынша өтінішті немесе Клиент берген басқа да шағымды қарауға қабылдамайды.

8.4. Рұқсат етілмеген төлем немесе басқа шағым бойынша өтінішті қарау мерзімі ХТЖ ережелерімен айқындалады.

8.5. Картаның жоғалғаны, ұрланғаны немесе рұқсатсыз пайдаланылғаны туралы хабарлама күшіне енгеннен кейін рұқсат етілмеген төлемді жүзеге асыру кезінде Банк Клиентке рұқсат етілмеген төлемді жүзеге асыруға байланысты залалды өтейді. Өзге жағдайларда Банк рұқсат етілмеген төлем үшін жауапты болмайды және Клиентке келтірілген залалды өтемейді.

8.6. Клиенттің рұқсат етілмеген төлем немесе басқа да шағым бойынша өтініші негізсіз болған жағдайда, Банк даулы жағдайды реттеуге байланысты Банк көтерген барлық шығыстардың сомасын Клиенттің ағымдағы шотынан даусыз тәртіппен алып қоюға құқылы.

8.7. Егер клиент рұқсат етілмеген төлемді жүзеге асыруға қатысқаны немесе оны жүзеге асыруға жәрдемдескені анықталса, Банк Клиентке рұқсат етілмеген төлемнің жүргізілуіне байланысты залалдарды өтемейді.

8.8. Басқа шағымдарды қарау мерзімі ҚР қолданыстағы заңнамасымен айқындалады.

8.9. Клиентке шоттағы ақшаны жұмсауды есепке алу және ықтимал дауларды шешу үшін чектерді сақтау ұсынылады.

8.10. Негізделген шағым болған жағдайда, ақша басқа банктермен және ХТЖ халықаралық төрелігімен даулы операцияны толық реттеу аяқталғаннан кейін Клиенттің шотында қалпына келтіруге жатады.

8.11. Банк карта бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Клиенттің өтініштерін ҚР шегінде жүргізілген карталық операция жасалған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде, сондай-ақ картаны ҚР шегінен тыс пайдаланған жағдайда карталық операция жасалған күннен бастап күнтізбелік 45 (қырық бес) күннен аспайтын мерзімде қарайды. Әйтпесе, жасалған Карталық операция расталған болып саналады және Банк кейінгі шағымдарды қабылдамайды және Клиентке келтірілген залалды өтемейді. Банкке келіп түскен шағым реттелгенге дейін Шоттан бұрын есептен шығарылған ақша қалпына келтірілмейді, өтінімдерді қарау мерзімі ХТЖ ережелерімен айқындалады.

8.12. Клиент ХТЖ арбитражында даулы транзакцияны қарау үшін комиссияны төлеуге жауапты. Клиент тарапынан негізсіз шағым болған жағдайда төрелік комиссияның қарау құны ХТЖ-ның белгіленген тарифтеріне сәйкес төленеді.

9. ТЕХНИКАЛЫҚ ОВЕРДРАФТ

9.1. Клиент жіберген техникалық овердрафт дереу өтелуге тиіс.

9.2. Клиент техникалық овердрафтқа жол берген жағдайда, Банк Шартқа сәйкес Картаны бұғаттайды және техникалық овердрафт жіберілген күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн өткен соң Клиенттің пайдаланылған техникалық овердрафтты уақытылы қайтармағаны үшін Банк Тарифтеріне сәйкес тұрақсыздық айыбын (айыппұл/өсімпұл) есептейді. Клиенттің техникалық овердрафтқа жол беруінің әрбір жағдайы Шартты елеулі бұзу болып саналады және Банктің Шартты бұзуына әкеп соғуы мүмкін. Клиент Шот бойынша ақшаның жұмсалуын бақылай отырып және карталық операциялар жасау кезінде Банк комиссиясының сомасын ескере отырып, техникалық овердрафтқа жол бермеуге міндеттенеді.

9.3. Клиенттің Банк алдындағы кез келген берешегі қалыптасқан сәттен бастап Шотқа түсетін ақша ҚР заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, ағымдағы күнге берешектің жалпы сомасын өтеуге бағытталады.

9.4. Техникалық овердрафт бойынша берешек есептен шығарылуға жататын валютадағы Шотта ақша жеткіліксіз болған жағдайда, Банк банктік шоттан/Шоттан берешек сомасының қажетті баламасын басқа валютадан айырбастауға және берешек сомасын есептен шығаруға құқылы. Айырбастау валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша жүргізіледі.

9.5. Егер Шоттағы сома техникалық овердрафт бойынша берешекті өтеу үшін жеткіліксіз болса, Банк ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес өндіріп алуға рұқсат етілмейтін ақшаны қоспағанда, өз қалауы бойынша ҚР заңнамасына сәйкес Клиенттің берешек сомасын, оның ішінде ҚР кез келген екінші деңгейдегі банктерінде ашылған Клиенттің кез келген банктік шоттарынан берешек сомасын тікелей дебеттеу жолымен өндіріп алуға құқылы.

10. ШАРТ БОЙЫНША ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

10.1. Шарт бойынша Банктің қызметтерін және Шарт және(немесе) БҚКШ бойынша төленуге жататын өзге де сомаларды төлеу осы Шартқа қосылатын Клиенттің Шоттан ақшаны есептен шығаруға алдын ала келісімі негізінде Банктің Банкте ашылған Клиенттің банктік шотынан, сондай-ақ Клиенттің кез келген басқа банктік шоттарынан ҚР заңнамасында тыйым салынбаған кез келген жолмен ақшаны алу немесе Банктің кассалары арқылы қолма-қол ақша енгізу арқылы жүргізіледі.

10.2. Клиент алған кредиттік лимит сомаларын Банкке өтеу тәртібі тиісті кредиттік келісіммен реттеледі.

11. КАРТАНЫҢ ЖАРАМДЫЛЫҚ МЕРЗІМІ

11.1. Картаның қолданылу мерзімі оның беткі жағында көрсетіледі. Карта онда көрсетілген ай мен жылдың соңына дейін жарамды және оның мерзімі бес жылдан аспайды. Қолданылу мерзімі өткен карталар бойынша карталық операциялар жүзеге асырылмайды.

11.2. Банк Клиентке картаның қолданылу мерзімінің аяқталғаны туралы ҚР заңнамасында белгіленген мерзімде хабарлайды. Хабарлама кез келген қолжетімді байланыс арнасы арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Қоңырау кез келген күнде (демалыс күндерін қоса) жасалуы мүмкін.

11.3. Клиент Картаны пайдаланудан бас тартқан жағдайда, берешектер мен Шот бойынша орындалмаған талаптар болмаған жағдайда, Карта мен Шотты жабу Клиенттің өтінішіне сәйкес Банктің мобильді қосымшасында немесе Банк бөлімшесінде қолжетімді болады.

11.4. Банк Шарттың және БҚКШ негізінде, сондай-ақ өз қарауы бойынша бұғаттаудың нақты рәсімі күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Банктің Мобильді қосымшасы арқылы немесе Шартта көзделген өзге де тәсілмен кейіннен хабардар ете отырып, Клиенттің ықтимал шығыстарын өтемей, кез келген сәтте Картаны алып қоюға немесе бұғаттауға және/немесе Картаны ауыстырудан бас тартуға құқылы.

12. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

12.1. **Банктің құқықтары:**

12.1.1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасында, сондай-ақ Төлемдер туралы заңда көзделген жағдайларда және тәртіппен Карта бойынша жасалатын/жасалған Карталық операцияларды жүргізуді тоқтата тұру және/немесе жүргізуден бас тарту;

12.1.2. мына жағдайларда Шот бойынша операцияларды жүргізуді тоқтата тұру және/немесе жүргізуден бас тарту:

1) «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген тиісті тексеру жөніндегі шаралар қабылдау мүмкін болмағанда;
2) Клиент негізсіз себептер бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, халықаралық талаптарға, Банктің ішкі құжаттарына сәйкес болуы міндетті оның сәйкестендіруге немесе ол жүргізетін операцияларға қатысты ақпарат бермегенде;
3) егер осы операцияның/мәміленің немесе мәміле бойынша міндеттеменің бір тарабы (тараптары):
   a) "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" ҚР Заңына сәйкес уәкілетті орган жасайтын ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілген ұйым немесе тұлға (бұдан әрі - Тізбе);
   b) Тізбеге енгізілген ұйымның немесе тұлғаның тікелей немесе жанама меншігіндегі немесе бақылауындағы заңды тұлға, Тізбеге енгізілген ұйымның немесе тұлғаның атынан немесе нұсқауы бойынша әрекет ететін жеке немесе заңды тұлға;
   c) халықаралық ұйым немесе шет мемлекет айқындаған ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру елеулі тәуекелдері бар елде тіркелген/тұрған адам не егер осы операцияны/мәмілені орындауға осындай адам қатысса;
   d) егер Қазақстан Республикасының заңнамасында, осындай шет мемлекеттердің заңнамасында, халықаралық ұйымдардың (оның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымының) актілерінде, халықаралық санкцияларда, соттардың және шет мемлекеттердің басқа да құзыретті органдарының шешімдерінде белгіленген шектеулермен операцияны жүзеге асыруға тыйым салынса немесе егер операцияға қатысушы/ пайда алушы оларға қатысты

халықаралық санкциялар немесе шет мемлекеттердің санкциялары қолданылған адамдардың тізбесіне енгізілген тұлға болып табылса;

4) Егер Клиент жасайтын операцияларды зерделеу процесінде операциялар Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру мақсатында жасалады деген күдік болса (Банк өз күдігін негіздеуге және дәлелдеуге міндетті емес);
5) ҚР заңнамасының, оның ішінде алаяқтық белгілері бар төлем транзакциялары бойынша Төлемдер туралы заңның талаптарын сақтау қажеттілігі.

12.1.3. ҚР заңнамасында көзделген тәртіппен және жағдайларда, сондай-ақ мына жағдайларда Клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтату, біржақты соттан тыс тәртіппен орындаудан бас тарту, Шотты жабу және Шарттың қолданылуын тоқтату:

1) Клиенттің шоты осы Шартта және/немесе БҚКШ-да, сондай-ақ ҚР заңнамасында көзделген негіздер мен тәртіп бойынша жабылған кезде;
2) Клиенттің осы Шартқа сәйкес берілген ағымдағы шотты және төлем картасын жабу туралы өтініші бойынша және Банк пен төлем жүйелеріне қатысушылар арасында жасалған шарттарға, оның ішінде БҚКШ мен ҚР заңнамасына сәйкес осы Шартты бұзуға кедергі келтіретін мән-жайлар болмаған жағдайда;
3) Шартты бұзу кезінде осы Шарт бойынша шығарылған барлық Карталардың күші жойылған кезде және/немесе осы Шартта және/немесе БҚКШ-да, сондай-ақ ҚР заңнамасында көзделген негіздер бойынша және тәртіппен банктік шотты жабу кезінде;
4) Тізбеде Клиент туралы мәліметтердің болуы;
5) егер операцияның/мәміленің немесе мәміле бойынша міндеттеменің бір тарабы/қатысушысы Тізбеге енгізілген тұлға/халықаралық ұйым немесе шет мемлекет айқындаған ақшаны жылыстату, терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру тәуекелдері елеулі елде тіркелген/тұрған тұлға болса не болмаса осы операцияны/мәмілені орындауға сондай тұлға қатысса;
6) егер Клиент жасайтын операцияларды зерделеу процесінде операциялар Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру мақсатында жасалады деген күдік болса;
7) Клиент Клиентке тиісті тексеру жүргізу үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты беруден бас тартқан, сондай-ақ FATCA талаптарына сәйкес, оның ішінде ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес мұндай жабуға жол берілмейтін жағдайларды қоспағанда, ҚР уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы АҚШ салық қызметіне (Internal Revenue Service) Клиенттің деректерін/дербес деректерін жинауға, өңдеуге және беруге келісім беруден бас тартқан жағдайда;
8) ҚР заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Шотта бір жылдан астам ақша қозғалысы болмаған жағдайда, Банк көрсетілген мерзім өткеннен кейін Клиентке жеке хабар бермей, Шотты жабады;
9) ҚР заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Шотқа қатысты орындалмаған талаптар болған кезде Шотты жабудан бас тартуға.
10) Банктің Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі ҚР заңнамасын сақтауы мақсатында банктік операцияларды жүргізу үшін Банкке ұсынылған кез келген деректер түрін алу, тексеру/қайта тексеру жөніндегі кез келген, ҚР тыйым салынбаған іс-қимылдар мен шараларды жүзеге асыруға;
11) егер Банк Банктің қызметіне, жария болып табылатын Банктің ішкі рәсімдері мен шарттарына және корреспондент-банктің қызметіне қатысты ҚР және шет мемлекеттер заңнамасының талаптары бұзылып жатыр немесе бұзылады деп пайымдаған жағдайда, сондай-ақ қолданысы Банкке және Клиентке (оның ішінде, бірақ онымен шектелмей,

операция түріне, Клиенттің тіркелген және (немесе) орналасқан елімен, сондай-ақ осы елдерге немесе осы елдерден төленетін төлемдермен байланысты) қолданылатын кез келген елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес санкциялар болған жағдайда;

12) Банкке және оның клиенттеріне қатысты олардың мүдделеріне нұқсан келтіре отырып, құқыққа қайшы әрекеттерді іске асыру үшін пайдаланылуы мүмкін өзге де жағдайларда.

12.1.4. ХТЖ ережелеріне сәйкес даулы жағдайлар бойынша өтініштерді қараудан бас тарту.

12.1.5. Егер Банк осы Шарттың, БҚКШ-ның, Банктің қызметіне, жария болып табылатын Банктің ішкі рәсімдері мен шарттарына және корреспондент-банктің қызметіне қатысты ҚР және шет мемлекеттер заңнамасының талаптары бұзылып жатыр немесе бұзылады деп пайымдаған жағдайда, сондай-ақ кез келген елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес санкциялар болған жағдайда, біржақты және соттан тыс тәртіпте Клиентпен жаңа іскерлік қатынастарды орнатудан және ағымдағы қатынастарды жалғастырудан, Клиенттің кез келген операцияларын және осы Клиентке қатысты жүргізілетін операцияларды жүргізуден бас тарту.

12.1.6. Клиенттен Банктік шот (тар) бойынша операциялар жүргізуі, Банктің Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы ҚР заңнамасының талаптарын сақтауы үшін қажетті кез келген құжаттарды және кез келген ақпаратты, соның ішінде ақшаның шығу көзін, жасалатын операциялардың экономикалық мәні мен заңды мақсатын растайтын құжаттар мен мәліметтерді, сондай-ақ Foreign Account Tax Compliance Act (бұдан әрі – FATCA) талаптарына сәйкес, оның ішінде Банк көрсеткен мерзімде ҚР уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы Карта ұстаушының деректерін/дербес деректерін жинау, өңдеу және АҚШ Салық қызметіне (Internal Revenue Service) беру үшін қажетті кез келген құжатты және кез келген ақпаратты сұрату, бұл ретте Клиент осындай ақпарат пен құжаттардың дұрыстығына жауап береді.

12.1.7. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы ҚР заңнамасында, халықаралық стандарттарда және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген жағдайларда Клиентті, оның өкілін, операцияларын және ақшасы мен мүлкінің шығу көзін тиісінше тексеру шараларын қолдану.

12.1.8. Банк ҚР заңнамасында көзделген жағдайларда Клиент, оның операциялары және онымен байланысты тұлғалар туралы мәліметтерді уәкілетті мемлекеттік органдарға, ҚР Ұлттық Банкіне, ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне, қаржылық мониторинг субъектілеріне және өзге де тұлғаларға беруге құқылы.

12.1.9. Клиенттің қосымша келісімін алмай, шет мемлекеттердің аумағына трансшекаралық беруді қоса алғанда, корреспондент-банктерге және өзге де қаржы институттарына, оның ішінде Клиенттің нұсқауы бойынша операциялар жүргізу шеңберінде ақпарат беру;

12.1.10. Клиентпен іскерлік қатынастар тоқтатылған күннен бастап кемінде 5 (бес) жыл бойы тиісінше тексеру нәтижелері бойынша алынған құжаттар мен мәліметтерді, соның ішінде клиенттің дерекнамасын, Шот туралы мәліметтерді және онымен хат-хабарды сақтау. Ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалған операциялар туралы құжаттар мен мәліметтер операция жасалғаннан кейін кемінде 5 (бес) жыл бойы сақталуға тиіс.

12.1.11. Банк банктік шоттағы ақша алаяқтық немесе өзге де заңсыз әрекеттердің нәтижесі болып табылады деген күдік болған жағдайда және Клиентке, Банкке не оның өзге де клиенттеріне қатысты құқыққа қайшы әрекеттер іске асырылуы мүмкін өзге де жағдайларда Шот бойынша шығыс операцияларын (барлығын немесе жекелеген) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген мерзімге тоқтата тұруға, Мобильді қосымшаға кіруді шектеуге (бұғаттауға), сондай-ақ көрсетілген іс-әрекеттер мен олардың салдарын болғызбауға, Клиенттің, Банктің немесе

оның басқа клиенттерінің ықтимал шығындарын қысқартуға бағытталған басқа да шектеулер мен шараларды енгізуге құқылы.

12.1.12. Банк Шарт шарттарына сәйкес осындай өзгерістер және/немесе толықтырулар қолданысқа енгізілетін күнге дейін күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмей Банктің Интернет-ресурсында, Банк филиалдарының операциялық залдарында және олардың қосымша жайларында көрнекі жерде ақпарат орналастыру арқылы Банк Тарифтеріне өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуге құқылы, бұған Шарттың 12.1.28-тармақшасында хабарлау мерзімі белгіленген төлемдер мен аударымдар бойынша Тарифтерді көтеру жағдайлары жатпайды.

12.1.13. Банк қаржылық өнімнің шарттарына сәйкес Клиенттің шоттарына еңбекақы төлеу шеңберінде ақшаның түсуіне байланысты қызмет көрсету шарттарын, соның ішінде қолданылатын тарифтерді біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы. Клиенттің шоттарына еңбекақы төлеу шеңберінде мұндай төлемдер тоқтатылған жағдайда, Банк Клиентке қосымша хабарламастан қаржылық өнімнің стандартты шарттарын және Банк Тарифтерін қолдануға құқылы.

12.1.14. Төлем құжатында көрсетілген аударым валютасы Шот валютасына сәйкес келмеген жағдайда, Шотқа аудару Банк белгілеген төлем жасалған күнге валюта айырбастаудың нарықтық бағамын қолдана отырып айырбастау жолымен Банк шотының валютасында жүргізіледі, оған Клиент осы Шартқа қол қою арқылы келісім береді.

12.1.15. Осы тармаққа сәйкес Банк Шарт бойынша көрсетілетін қызметтер бойынша Банктің тарифтерін қоса алғанда, Шартқа өзгерістер/толықтырулар енгізу туралы хабарламаны жариялаған сәттен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Клиенттің Шартқа енгізілетін өзгерістермен/толықтырулармен келіспеуі туралы жазбаша өтінішті ұсынбауы оның ерік білдіруінің көрінісі болып табылады және Клиенттің осындай өзгерістермен/толықтырулармен келісуін білдіреді.

12.1.16. Бір Клиентке шығарылатын/қайта шығарылатын карталардың санын шектеу.

12.1.17. Банк өзінің бастамасы немесе ХТЖ бастамасы бойынша, сонымен қатар Шартта көзделген өзге жағдайларда Клиентке шығарылған Карта бойынша қаржы өнімінің шарттарын Картаны жақсарту жағына біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы.

12.1.18. ҚР қолданыстағы заңнамасында, БҚКШ және Шартта көзделген жағдайларда Клиентке шотты жабу.

12.1.19. ҚР заңнамасында және/немесе Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша Банк Шот ашудан және Карта шығарудан бас тарту.

12.1.20. Банктің қаржы өнімдеріне сәйкес Картаны шығару және қайта шығару тәсілін (электронды түрде, пластикте, басқа) айқындау және Клиентке оларды қайта шығару сәтінде Банк шығаратын карталар үшін Банкте қолданылатын/пайдаланылатын спецификацияда (оның ішінде сол түрде, функцияда, сипаттамада, дизайнда, басқа) ұсыну.

12.1.21. Клиенттің Банк алдындағы Шот бойынша қалыптасқан берешегі бойынша талап ету құқықтарын сотқа дейінгі өндіріп алуға және реттеу үшін үшінші тұлғаларға, оның ішінде коллекторларға осындай беру туралы Клиентті хабардар етпей беру.

12.1.22. Клиентті Картаны пайдалана отырып, банктік шот бойынша операциялар туралы ақпараттандыру жөніндегі қызметке және Банк ұсынатын ақпараттандырудың басқа да тәсілдеріне қосу және Клиентке Банкте көзделген Байланыс арналары (оның ішінде SMS-хабарламалар, Push-хабарламалар) арқылы жарнамалық және/немесе ақпараттық хабарламалар (оның ішінде рұқсат етілмеген Карталық операцияларды болғызбау, клиентке қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында) жіберу.

12.1.23. Ұтыс ойындарын, жарнамалық және/немесе ақпараттық сипаттағы акцияларды өткізу кезінде Клиентті оның келісімімен тарту. Бұл ретте Клиент Банкке тегін, атын, әкесінің атын (бар болса), ұтыс немесе жүлде мөлшерін, сомасын бұқаралық ақпарат құралдарында, жарнамалық, ақпараттық материалдарда көрсете отырып, ол туралы ақпаратты жариялауға,

сондай-ақ Банктің жарнамалық және ақпараттық қызметіне тікелей немесе жанама байланысты өзге де іс-шараларды жүргізуге келісім береді.

12.1.24. Шарт бұзылған кезде, соның ішінде мерзімінен бұрын бұзылған кезде Клиент төлеген Картаға жылдық қызмет көрсету сомасын қайтармау.

12.1.25. Алаяқтық операциялардың алдын алу мақсатында Клиентке осы Шартта көзделген мерзімдерде қоңырау шалу, оған Клиент осы Шартты жасау арқылы өз келісімін береді.

12.1.26. Қызмет көрсету сапасын бақылауды жүзеге асыру үшін Клиент Банкке хабарласқан кезде Клиентпен телефон арқылы сөйлесулердің жазбасын жүргізу, сондай-ақ осындай хабарласу фактісін растау үшін жазбаны пайдалану, сонымен қатар Карта бойынша операцияларды растау үшін Клиентке шығыс қоңырау кезінде телефон арқылы сөйлесуді жазу және осы фактіні растау үшін сөйлесу жазбасын пайдалану.

12.1.27. ҚР заңнамасында, Шартта және БҚКШ-да көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

12.1.28. Банк Клиентті Тарифтердің болжамды өзгертілу күніне дейін кемінде үш ай бұрын хабардар еткеннен кейін Банктің төлемдер мен аударымдар бойынша Тарифтерін ұлғайту жағына қарай өзгертуге құқылы.

12.2. **Клиенттің құқықтары:**

12.2.1. Шартта, БҚКШ-да, Банктің ішкі нормативтік құжаттарында және ҚР қолданыстағы заңнамасында белгіленген талаптар мен шектеулерді ескере отырып, Шоттағы ақшаны өз қалауы бойынша пайдалану.

12.2.2. Картаны ҚР заңнамасына және Шарттың және БҚКШ-ның өзге де талаптарына сәйкес пайдалану.

12.2.3. Шот және жасалған Карталық операциялар бойынша үзінді көшірме алу.

12.2.4. Көрсетілетін қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Банкке жүгіну және ҚР заңнамасында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген мерзімдерде жауап алу.

12.2.5. Картаны пайдалануға шектеулер /лимиттер қою.

12.2.6. Банкке Картаны бұғаттау және/немесе Картаны пайдалану бойынша шектеулерді/лимиттерді алу/ өзгерту/қалпына келтіру туралы хабарласу.

12.3. Шарт бойынша міндеттемелер толық тиісінше орындалған жағдайда, ҚР заңнамасына, Шартқа және БҚКШ сәйкес карта мен шотты жабу.

12.4. Егер тиісті Шартта өзгеше тәртіп көзделмесе, Банк белгілеген нысан бойынша Банкке жазбаша өтініш беру жолымен Банкті күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын хабардар ете отырып, Шартты орындаудан біржақты тәртіппен толығымен бас тарту.

12.5. **Банктің міндеттері:**

12.5.1. Шартқа, БҚКШ және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес Клиенттің талабы бойынша оған Шот бойынша үзінді көшірмелер беру.

12.5.2. Шартта, БҚКШ-да және/немесе ҚР заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімдерде Клиенттің Карталық операцияларды жүргізу туралы нұсқауын орындау не оны орындаудан дәлелді түрде бас тарту.

12.5.3. ҚР заңнамасында көзделген тәртіппен және кезектілікпен Шотқа қойылған нұсқауларды орындау.

12.6. **Клиенттің міндеттері:**

12.6.1. Шот бойынша операция жасалған күні қолданыстағы Банктің тарифтеріне сәйкес Банктің қызметтеріне ақы төлеу.

12.6.2. Дербес деректердің өзгергені туралы хабарлау.

12.6.3. Тиісінше тексеру шеңберінде ұсынылған мәліметтердің, соның ішінде салықтық резиденттік, азаматтық және байланыс деректері туралы мәліметтердің өзгергені туралы Банкті дереу хабардар ету.

12.6.4. Картаны пайдалану кезінде төлемдерді/аударымдарды жүзеге асыру және төлем құжаттарын рәсімдеу, валюталық операцияларды жүргізу қағидаларын және Шартта, БҚКШ-да және ҚР заңнамасында белгіленген өзге де талаптарды сақтау.

12.6.5. Банкке ҚР заңнамасының талаптарына және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес Шот ашу, Карта шығару үшін қажетті нақты және шынайы ақпаратты, сондай-ақ құжаттарды ұсыну.

12.6.6. Мерзімді негізде Шартқа енгізілетін өзгерістерді/толықтыруларды, Банктің тарифтерін Банктің Интернет-ресурсында танысу арқылы бақылап отыру. Карталар бойынша алаяқтық деңгейі жоғары елдерге барғаннан кейін ҚР-ға келген күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде Банктің тарифтеріне сәйкес Картаны бұғаттау және жаңасына қайта шығару/ауыстыру мақсатында Банкке жүгіну. Көрсетілген талап сақталмаған жағдайда және осыған байланысты осы Карта бойынша алаяқтық операциялар туындаған кезде Клиент Карта ұстаушыға жіберілген Банктің жазбаша талабында көрсетілген мерзім ішінде Банктің барлық шығыстарын сөзсіз тәртіппен өтеуге міндетті болады.

12.6.7. Ақша Шотқа қате аударылған немесе банкомат арқылы картаны пайдалана отырып, Клиент сұраған және банкоматтың бақылау чегінде көрсетілген ақша сомасынан артық ақша қате алынған жағдайда (мұндай қате есепке жазу/алу себебіне қарамастан) Клиент банк шоттары бойынша үзінді көшірмені алған сәттен бастап немесе Банк қате есептелген/алынған ақшаны қайтару туралы тиісті хабарлама жіберген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей Банкке ақшаны қайтаруға міндеттенеді.

12.6.8. Клиенттің кәсіпкерлік, адвокаттық, жеке нотариаттық қызметті, жеке сот орындаушысының қызметін және кәсіби медиатордың қызметін жүзеге асыруына байланысты операцияларды жүргізу үшін шотты пайдаланбау, сондай-ақ заңсыз/жасырын алынған қаражатты заңдастыруға бағытталған ешқандай іс-әрекеттер/операциялар жүргізбеу;

12.6.9. Заңсыз болып табылатын немесе болуы мүмкін және/немесе Банкке/ХТЖ/басқа банктерге зиян, залал, оның ішінде беделге нұқсан келтіруге бағытталған ешқандай іс-әрекеттер/операциялар жүргізбеу;

12.6.10. Картаны үшінші тұлғалардың тапсырмасы бойынша олардың жеке басын жасыру мақсатында емес, өз пайдасына алу және пайдалану;

12.6.11. Банктің Интернет-ресурсында орналастырылған тәртіппен және шарттарда Банктің Мобильді қосымшасында тіркелу, Картаны пайдалана отырып, банктік шот бойынша операциялар туралы хабардар ету жөніндегі қызметті алу үшін пайдаланылатын ұялы байланыс құрылғысының абоненттік нөмірінің өзгергені туралы Банкке дереу хабарлау.

12.6.12. ҚР заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Картаны үшінші тұлғаларға бермеу.

12.6.13. Карта деректемелерін, PIN-кодты, логинді, құпиясөзді, бір реттік (біржолғы) кодты, оның ішінде Банктің Мобильді қосымшасында қолжетімді Клиентті сәйкестендірудің қосымша нысандарын, SMS-хабарлама түрінде ұсынылатын бір реттік құпиясөзді құпия сақтау және үшінші тұлғаларға жариялануына жол бермеу. Оларды үшінші тұлғаларға жария еткен жағдайда, оның ішінде Клиент олардың құпия сақталуы үшін жеткілікті шаралар қабылдамағанда, Клиент осыған байланысты барлық салдар мен тәуекелдерді Банктен қандай да бір залалды өтеу құқығынсыз дербес көтереді.

12.6.14. Банкке банктік шот ашу, Шот бойынша операциялар жүргізу, Шоттың жай-күйі туралы ақпарат алу үшін қажетті құжаттарды, сондай-ақ валюталық бақылауды жүзеге асыру, Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-

қимыл туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау, сондай ақ FATCA талаптарына сәйкес, оның ішінде ҚР уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы АҚШ салық қызметіне (Internal Revenue Service) Клиенттің деректерін/дербес деректерін жинау, өңдеу және беру мақсатында Банк сұрататын құжаттарды ұсыну. Банктік шот ашу кезінде FATCA талаптарына сәйкес Банкке берілген ақпарат өзгерген жағдайда (оның ішінде Клиент АҚШ азаматы және салық төлеушісі болып табылмайды, бір жыл ішінде АҚШ-қа бармаған, тұруға ықтиярхаты, АҚШ-та тіркелген пошталық мекенжайы, телефон нөмірі жоқ, АҚШ аумағында тұратын жеке тұлғаға операциялар атқару құқығын беретін сенімхат берген жоқ), Клиент Банкті өз бетінше хабардар етуге міндеттенеді.

12.6.15. Шот бойынша берешек болған кезде берешекті дереу төлеу.

12.6.16. Клиенттің кінәсінен Банк көтерген барлық шығындарды өтеу.

12.6.17. Шартқа сәйкес Банкке жазбаша немесе ауызша өтінішпен жүгіну арқылы Картаның жоғалғаны/ұрланғаны немесе үшінші тұлғалардың Картаны/Шотты рұқсатсыз пайдаланғаны туралы Банкті дереу хабардар ету.

12.6.18. Осымен Клиент Клиенттің төлемін/аударымын жүргізуді тоқтата тұрған/бас тартқан жағдайда, сондай-ақ корреспондент-банк Клиенттің төлемін/аударымын жүргізуді тоқтата тұру/бас тарту себебі бойынша Клиентке келтірілген залал үшін Банктің жауап бермейтінін қабылдайды және келіседі.

12.6.19. ҚР заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді орындау.

13. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

13.1. Шарттың Тараптары Шарттың талаптарына, ал оның реттелмеген бөлігінде – ҚР заңнамасының нормаларына сәйкес жауапты болады.

13.2. Тараптар міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады, егер бұл Шартқа қосылғаннан кейін төтенше сипаттағы күтпеген және бұлтарпас оқиғалар нәтижесінде туындаған еңсерілмейтін күш жағдайларының салдары болса, мысалы: соғыс және әскери іс-қимылдар, осындай деп ресми танылған аудандарда болып жатқан дүлей немесе өзге де апаттар, ҚР заң шығарушы органдарының және/немесе атқарушы билігінің, ҚР Ұлттық Банкінің Шартқа тікелей қатысты қызметке тыйым салатын немесе шектейтін іс-әрекеттері, соның салдарынан Шарт бойынша міндеттемелерді уақтылы орындау мүмкін болмаса, Банктің Мобильді қосымшасының жұмысындағы іркіліс, жарамсыздық және қателер, Банктің Мобильді қосымшасының жұмысын қамтамасыз ететін байланыс желілерінің зақымдануы және Тараптардың бақылауынан тыс басқа да мән-жайлар.

13.3. Банк, Шартта белгіленген жағдайларды қоспағанда, Клиентке Клиенттен ол туралы немесе Картаның жоғалғаны/ұрланғаны туралы хабарламаны Шартта белгіленген талаптарға сәйкес алғаннан кейін жүзеге асырылған санкцияланбаған төлемге байланысты залалдарды, Карталық операцияны жүзеге асырғаны үшін Банктің комиссияларын ескере отырып, санкцияланбаған карталық операция сомасынан аспайтын мөлшерде, оны клиентке ҚР заңнамасында жол берілетін тәсілдермен қайтару жолымен өтейді.

13.4. **Банк мына жағдайларда жауапкершілік көтермейді:**

13.4.1. егер Банк өз тарапынан Шарт талаптарын орындау үшін барлық қажетті шараларды қабылдаса, Банктің Шарт талаптарын орындауына кедергі келтірген үшінші тұлғалардың әрекеті және/немесе әрекетсіздігі үшін;

13.4.2. Клиенттің мүдделеріне әсер етуі мүмкін үшінші тарап белгілеген Карта бойынша лимиттер, шектеулер және/немесе қосымша сыйақылар;

13.4.3. Карта арқылы сатып алынған тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің сапасы үшін;

13.4.4. Клиенттің Картаны бұғаттау туралы талаппен Банкке уақтылы жүгінбеуінің салдары үшін;

13.4.5. электрондық Интернет желісіндегі техникалық іркілістер және Картаны қолдана отырып қызметтерді алуға байланысты туындаған өзге де салдар үшін;

13.4.6. Шот бойынша операцияларды тоқтата тұру және/немесе ҚР заңнамасына сәйкес Шоттағы ақшаға тыйым салу нәтижесінде Клиентке келтірілген залал үшін, сондай-ақ Клиенттің Шотынан үшінші тұлғалардың оның келісімінсіз ақшаны алып қою (есептен шығару) нәтижесінде Клиентке келтірілген залал үшін. Үшінші тұлғалардың нұсқаулары (инкассалық өкімдері, төлем талаптары) бойынша Шоттардан ақша алу үшін осындай тапсырмаларды жөнелтушілер (өндіріп алушылар) жауапты болады;

13.4.7. банкоматтарда және басқа электрондық терминалдарда пайдалану нәтижесінде Картаға келтірілген зиян үшін;

13.4.8. Картаның деректемелерін тоқтату тізіміне енгізбестен немесе Картаның деректемелерін әлемнің белгілі бір аймағындағы эквайер құрылғылары үшін ғана жарамды Тоқтату тізіміне енгізе отырып, Клиенттің нұсқауы бойынша жоғалған/ұрланған Картаны бұғаттау себебінен жоғалған/ұрланған Картаны рұқсатсыз пайдаланудың салдары үшін;

13.4.9. Интернет арқылы, пошта және/немесе телефон тапсырыстары арқылы тауарларға және/немесе қызметтерге ақы төлеуді жүзеге асыру кезінде Картаны (оның деректемелерін) рұқсатсыз пайдаланудың салдары үшін;

13.4.10. Клиенттің Карта бойынша Банк белгілеген шығыстар лимитінің (оның деректемелерінің) күшін жоюға/өзгертуге, оның ішінде CVV2/CVC2-кодты тексеруді, Verified by Visa/MasterCard SecureCode тексеруді өшіруге және магниттік жолақ бойынша операцияларды жүргізуге қолжетімділікті ашуға байланысты туындаған Картаны рұқсатсыз пайдаланудың салдары үшін;

13.4.11. Клиенттің Банкке қоңырау шалу немесе Банктің мобильді қосымшасы арқылы Карталық операцияларды жүргізуге арналған Карта бойынша Банк белгілеген лимиттерді өз бетінше өзгертуінің салдары үшін;

13.4.12. PIN-кодты, CVV2/CVC2-кодты, 3D Secure/SecureCode құпиясөзін дұрыс теру арқылы расталған Verified by Visa/MasterCard SecureCode пайдалану арқылы, оның ішінде тұрақты төлемдер және (немесе) аударымдар бойынша жасалған Банк карталары бойынша операцияларды рұқсатсыз жүргізудің салдары үшін;

13.4.13. Картаны пайдалану Банктің кінәсінен болмаса, үшінші тұлғалардың төлем картасының деректемелерін, логиндерді, құпиясөздерді және/немесе бір реттік (біржолғы) кодты және Клиентпен расталатын басқа да құралдарды рұқсатсыз пайдалануы салдарынан туындаған залал үшін;

13.4.14. егер Клиенттің электрондық банк қызметтерін алуына байланысты ақпарат үшінші тұлғаларға Клиенттің Банктен тыс орналасқан байланыс арналары арқылы беру кезінде ақпаратқа қол жеткізуі нәтижесінде қызметтерді алуы кезінде белгілі болған жағдайда;

13.4.15. үшінші тараптың Картаға қызмет көрсетуден бас тартқаны үшін;

13.4.16. ұялы байланыстың абоненттік құрылғысының жоғалуына, ұрлануына немесе бүлінуіне байланысты Клиент көтерген залал/зиян үшін;

13.4.17. Клиенттің валюталық және қор биржаларындағы, криптовалюта биржасындағы, шетел валютасын сатып алу және/немесе сату жөніндегі операцияларға, инвестициялық қызмет жөніндегі операцияларға, құмар ойындарға және Клиент үшін қаржылық шығындар тәуекелін болжайтын өзге де қызмет түрлеріне қатысуының салдары үшін;

13.4.18. техникалық овердрафт бойынша қалыптасқан берешек нәтижесінде пайда болған шығыстар/залалдар, сондай-ақ Клиенттің мүліктік не мүліктік емес сипатындағы залал үшін;

13.4.19. Клиенттің төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру кезінде дұрыс емес/жеткіліксіз деректемелерді көрсеткені үшін;

13.4.20. Клиенттің дұрыс емес мәліметтерді ұсынуына байланысты орын алған залал үшін;

13.4.21. ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды жүргізуден бас тартқаны, тоқтата тұрғаны, сондай-ақ ҚР заңнамасына сәйкес іскерлік қатынастар орнатудан бас тартқаны немесе іскерлік қатынастарды тоқтатқаны үшін;

13.4.22. Егер Клиент барған елдің валюталық шектеулері, сондай-ақ банкоматтардан немесе қолма-қол ақша беру пункттерінен қолма-қол ақша алу сомасына белгіленген шектеулер қандай да бір дәрежеде Клиенттің мүдделеріне әсер еткені үшін;

13.4.23. "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операцияларды жүргізуден бас тарту, тоқтата тұру, тоқтату жөніндегі шараларды қолдану, сондай-ақ іскерлік қатынастар орнатудан бас тарту немесе іскерлік қатынастарды тоқтату Шарттың талаптарын бұзғаны үшін Банктің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі үшін негіз болып табылмайды.

13.5. **Клиент мыналар үшін толық көлемде жауап береді:**

13.5.1. Картаны бұғаттау туралы талаппен Банкке уақтылы жүгінбеудің салдары үшін (Банкке келтірілген залалдың толық көлемінде);

13.5.2. егер Клиенттің әрекеттері және/немесе әрекетсіздігі рұқсат етілмеген карталық операцияны жүзеге асыруға әкеп соққан жағдайда, Банк көрсеткен қызметтің құнын ескере отырып, рұқсат етілмеген карталық операция сомасындағы рұқсат етілмеген карталық операция үшін;

13.5.3. Клиенттің Шарт талаптарын бұзғаны үшін;

13.5.4. Банк тарифтеріне сәйкес мерзімі өткен әрбір күн үшін өсімпұл түрінде Шарт бойынша Банк алдындағы ақшалай міндеттемелерді бұзғаны үшін;

13.5.5. Клиенттің Банкке телефон арқылы қоңырау шалу немесе Банктің мобильді қосымшасы арқылы Карталық операцияларды жүргізуге арналған Карта бойынша Банк белгілеген лимиттерді өз бетінше өзгертудің салдары үшін;

13.5.6. PIN-кодты, CVV2/CVC2-кодты, 3D Secure/SecureCode құпиясөзін дұрыс теру арқылы расталған Verified by Visa/MasterCardSecureCode пайдалана отырып жасалған Банк Карталары, оның ішінде тұрақты төлемдер және (немесе) аударымдар бойынша операцияларды рұқсатсыз жүргізудің салдары үшін;

13.5.7. Карта деректемелерін, логиндерді, құпиясөздерді және/немесе бір реттік (біржолғы) кодты пайдалана отырып, Банктің мобильді қосымшасы немесе өзге де қашықтан қол жеткізу жүйелері арқылы Шот бойынша жасалған барлық операциялар үшін;

13.5.8. сәйкестендіру құралдарының құпиялылығын сақтау үшін;

13.5.9. үшінші тұлғалардың ұялы байланыстың абоненттік құрылғысында Картаны, логинді, құпиясөзді және басқа да сәйкестендіру құралдарын төлем жүргізу үшін сервиске кіруі және пайдалануы үшін қолданғаны үшін;

13.5.10. валюталық және қор биржаларындағы, криптовалюта биржасындағы, шетел валютасын сатып алу және/немесе сату жөніндегі операцияларға, инвестициялық қызмет жөніндегі операцияларға, құмар ойындарға қатысу жөніндегі операцияларға және Клиент үшін қаржылық шығындар тәуекелін болжайтын өзге де қызмет түрлеріне қатысудың салдары үшін;

13.5.11. Картаны тиісінше пайдаланбау және/немесе Шартты толық көлемде орындамау, тиісінше орындамау салдарында Банкке және/немесе үшінші тұлғаларға келтірілген залал үшін;

13.5.12. техникалық овердрафтқа жол бергені үшін;

13.5.13. Шартқа және БҚКШ-ға сәйкес Банк алдындағы берешекті өтеу жөніндегі міндеттемелерді орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін;

13.5.14. Клиенттің кінәсінен және(немесе) жоғалған/ұрланған Картаны бұғаттауға/алып қоюға байланысты Банк көтерген шығыстардың толық көлемінде шығыстар мен сот шығындары үшін;

13.5.15. Банкке берілген мәліметтердің шынайылығы үшін.

13.6. Осы Шартқа қосылу арқылы Клиент шет мемлекеттердің заңнамасында белгіленген шектеулер мен тыйымдарға және қолданысы Клиентке және оның операцияларына (оның ішінде, бірақ операция түріне байланысты клиенттің тіркелген және (немесе) орналасқан елімен шектелмей) қолданылатын кез келген елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес санкцияларға байланысты туындауы мүмкін тәуекелдер мен барлық салдарды қабылдайды. Банк осы тәуекелдер мен салдар үшін жауап бермейді.

13.7. Шартты біржақты тәртіпте тоқтатқан жағдайда, Банк Шартты тоқтатудың болжамды күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей Клиентке тиісті жазбаша хабарлама немесе SMS-хабарлама және/немесе Клиенттің мобильді қосымшасына Push-хабарлама жіберу арқылы осындай тоқтату туралы хабарлайды.

13.8. Банктің "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операцияларды жүргізуден бас тартуы, тоқтата тұруы, тоқтату жөніндегі шараларды қолдануы, сондай-ақ іскерлік қатынастар орнатудан бас тартуы немесе іскерлік қатынастарды тоқтатуы шарттарды бұзғаны үшін Банктің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі үшін негіз болып табылмайды.

13.9. Үшінші тұлғалардың Банктің Мобильді қосымшасына/өзге де қашықтан қол жеткізу жүйелеріне рұқсатсыз кіруі салдарынан туындаған Клиентке келтірілген залал үшін жауапкершілік кінәлі тарапқа жүктеледі.

14. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ, ШАРТТЫ ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ БҰЗУ ТӘРТІБІ

14.1. Шарттың қолданылуы Шартта, БҚКШ-да және ҚР заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен, оның ішінде Клиенттің бастамасы бойынша Шартқа сәйкес Банкке берілген жазбаша өтінішінің негізінде, Шарт бойынша орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған міндеттемелер (олар болған кезде Шартты тоқтатуға жол берілетін жағдайларды қоспағанда) және ҚР заңнамасына сәйкес Шартты тоқтатуға жол берілмейтін негіздер болмаған кезде тоқтатылады.

14.2. Банк Шартқа өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы бастама көтере алады. Банк Шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгені туралы осындай өзгерістер күшіне енгенге дейін күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмей Банктің Интернет-ресурсында, сондай-ақ Банк филиалдарының операциялық залдарында және олардың қосымша жайларында ақпарат орналастыру арқылы хабардар етеді.

14.3. Клиенттің Шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы Клиентті хабардар еткен сәттен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде енгізілген өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды ескере отырып, Шарт талаптарын қабылдамау туралы өтінішті Банкке ұсынбауы Клиенттің енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар ескеріле отырып, Шарттың жаңа (өзгертілген/толықтырылған) редакциясымен келісуін және оған тұтастай қосылуын білдіреді.

14.4. Шарт Клиенттің бастамасы бойынша бұзылуы мүмкін. Клиент Шартты орындаудан бас тарту ниеті туралы Банкті Банк белгілеген нысан бойынша жазбаша өтініш беру арқылы күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын хабардар етеді.

14.5. Шарт Шартта және (немесе) БҚКШ көзделген жағдайларда және тәртіппен Банктің бастамасы бойынша бұзылуы мүмкін.

15. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР

15.1. Шарттан немесе оған байланысты туындауы мүмкін барлық келіспеушіліктер мен дауларды Тараптар мүмкіндігінше келіссөздер арқылы шешетін болады. Шартқа байланысты және оған қатысты туындайтын барлық даулар ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен ҚР соттарында шешіледі.

15.2. Шарт бойынша барлық хабарландырулар, хабарламалар тиісті Тарап оларды жазбаша түрде қолма-қол және/немесе пошта қызметі және/немесе факспен және/немесе электрондық пошта арқылы Өтініште көрсетілген деректемелер бойынша жіберілген жағдайда тиісті түрде жіберілген/алған болып есептеледі, бұл ретте, егер арнайы Шартта өзгеше белгіленбесе, таңдалған байланыс арнасы хабарландыруды/хабарламаны адресатқа жеткізуді растай алуы қажет.

15.3. Шартта реттелмеген барлық басқа жағдайларда Тараптар ҚР заңнамасын басшылыққа алады.

15.4. Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде құрастырылды, олардың әрқайсысының заңды күші бірдей. Шарттың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндері арасында айырмашылықтар болған кезде оларды реттеу үшін Шарттың орыс тіліндегі мәтіні қолданылады.

16. БАНК ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

«KMF Банк» акционерлік қоғамы

БСН 061240001583
БеК 14
БСК KMFBKZKK
Пошта мекенжайы: A26F8P9, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 50;
Электрондық мекенжайы: info@kmf.kz
Интернет-ресурс: https://kmf.kz/
Байланыс телефоны: +7 (800) 080 58 00; 7474